Денисов ауданының жер комиссиясы отырысының хаттамасы
№ 8

Денисовка ауылы 2026 ж."24" тамыз

Қатысты:

1. Жангабулов Сабир Әмірханұлы - Денисов ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;

2. Дюсебаев Азамат Амангелдіұлы - "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы;

3. Рагуля Владислав Сергеевич - "Денисов ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы;

4. Омарова Наргиз Сапарқызы - Денисов аудандық мәслихатының депутаты;

5. Борисова Светлана Владимировна - "АГРО" шаруа қожалығының басшысы

6. Олденбург Иван Валерьевич - Денисов ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшесі;

Комиссия хатшысы: Баймурзин Ерлан Едігеұлы - "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

Жер комиссиясының отырысы заңды болып саналады.

Күн тәртібі:

Өтінішті қарау:

1) Саиджоджаев Хасан Назриевичке жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін Денисов ауылдық округі, Денисовка ауылы, Фестивальная көшесі, 15-үй мекенжайында орналасқан болжамды ауданы 0,1904 га жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру туралы;

2) "Красноармейск ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне модульдік ветеринариялық пунктті орналастыру үшін, Красноармейск ауылдық округі, Фрунзенское ауылы, Степная көшесі, 2 мекенжайы бойынша орналасқан болжамды ауданы 0,25 га жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығын беру туралы.;

3) "Аршалы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне қатты тұрмыстық қалдықтарды уақытша сақтау алаңын орналастыру үшін Аршалы ауылдық округі, Аршалы ауылы мекенжайы бойынша орналасқан болжамды ауданы 6 га жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығын беру туралы;

4) "Красноармейск ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне қатты тұрмыстық қалдықтарды уақытша сақтау алаңын орналастыру үшін Красноармейск ауылдық округі мекенжайы бойынша орналасқан болжамды ауданы 6 га жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығын беру туралы;

5) Павлова Ольга Николаевнаға жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін Денисов ауылдық округі, Денисовка ауылы, Денисовка станциясы көшесі, 48-үй, 2-пәтер мекенжайында орналасқан болжамды ауданы 0,13 га жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру туралы;

Берілген материалдарды қарап, жер комиссиясы келесі қорытындыға келді:

Жоғарыда аталған 5 өтінішті қанағаттандыру.

Жер комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды. "Үшін" - 6 адам, "Қарсы" - жоқ.

Комиссия төрағасы С. Жангабулов

2026 ж. "24" тамыз комиссия хатшысы Е. Баймурзин